

## Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Аралағаш ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 қаңтарда № 7099 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына сәйкес, Аққайың ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № 08-02 /947 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Аралағаш ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының Аралағаш ауылдық округі Аралағаш ауылының аумағында ірі қара мал арасында бруцеллез ауруының ошағын жою бойынша ветеринариялық іс-шаралардың кешенінің аяқталуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Аралағаш ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 20 шілдедегі № 6 шешімінің (2020 жылғы 24 шілдедегі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6462 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Аққайың ауданының  
Аралағаш ауылдық округінің әкімі*

*Б. Садвакасов*